

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне аккредитив ашу және оның қолданылу мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1443 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Республикалық бюджет комиссиясының Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 46 шарт бойынша "Дайана-М" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тірі мал және ауыл шаруашылығы өнімін сату жөніндегі рынокқа бұрынғы астық қырманьының бастырмаларын қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарға ақы төлеуге 005 "Қоршаған ортаны қорғау объектілерін қалпына келтіру" бюджеттік бағдарламасы 006 "Гранттарды ішкі көздердің есебінен іске асыру" кіші бағдарламасы бойынша аккредитив ашу және оның қолданылу мерзімін 2005 жылғы 10 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті белгіленген тәртіппен аккредитив ашсын және оның қолданылу мерзімін ұзартсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы